

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

“Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті”
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Институт Энергетика және машина жасау
Кафедра Стандарттау, сертификаттау және метрология

Байрамқұлы Мөлдір Муналқызы
«Теңіз өнімдерін эко-сертификаттау»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07501 - «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандығы

Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

“Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті”
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Институт Энергетика және машина жасау

Кафедра Стандарттау, сертификаттау және метрология



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Д.Д.Каражанова

«1» маусым 2023ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Теңіз өнімдерін эко-сертификаттау»

6B07501 - «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандығы

Орындаған

Байрамқұлы М.М.

Пікір беруші

ЛжКА профессоры, т.ғ.к., доцент

Аширбаев Г.К.

«1» маусым 2023ж.

Ғылыми жетекші

аға оқытушы

Әсілбеков Ш.Б.

«1» маусым 2023ж.

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

“К.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті”
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Институт Энергетика және машина жасау
Кафедра Стандарттау, сертификаттау және метрология

6B07501 - «Стандарттау, сертификаттау және метрология» мамандығы



Дипломдық жұмысты орындауға арналған
ТАПСЫРМА



Білім алушы Байрамқұлы Мөлдір Муналқызы
Тақырыбы: «Теңіз өнімдері эко-сертификаттау»
Университет ректорының «15 наурыз» 2023ж. №434-б бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «7» маусым 2023ж.
Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: 2022 жылы 60 тонна балық,
500 келі уылдырық өндірген «Kazakh osseter» кәсіпорыны; теңіз өнімдеріне деген
сұраныс; экологиялық сертификаттау алу кезеңдері мен
талаптары.
Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі: а) теңіз өнімдерін
экологиялық сертификаттаудың қоршаған ортаға әсерін бағалау және болжау;
ә) теңіз өнімдеріне арналған экологиялық сертификаттаудың артықшылықтарын
атап өтіп, қажеттілігін дәлелдеу; б) кәсіпорынмен бірге Халықаралық Экология
Академиясынан экологиялық сертификат алуға
жұмыстану.
Графикалық материалдардың тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):
Дипломдық жұмыс 42 беттен, 6 суреттен, 5 кесте-сызбалардан құралған.
Ұсынылатын негізгі әдебиет 11 атаулар.

Дипломдық жұмысты дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	06.01.23ж. – 27.02.23ж.	орындалды
Ұйымдастыру бөлімі	28.02.23ж. – 12.04.23ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	13.04.23ж. – 05.05.23ж.	орындалды

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдерінің жұмыстарын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімдері	Әсілбеков Ш.Б., аға оқытушы	05.06.2023ж.	
Норма бақылау	Г.Б.Жаркимбаева, аға оқытушы	01.06.2023ж.	

Ғылыми жетекші

 Әсілбеков Ш.Б.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

 Байрамкұлы М.М.

Күні

« 01 » маусым 2023ж

АҢДАТПА

Дипломдық жоба Теңіз өнімдерін эко-сертификаттау тақырыбын зерттеуге және іс жүзінде пайдалануға арналған. Жоба теңіз өнімдерін эко-сертификаттаудан өткізу жайлы жалпы мәлімет бере отырып, сол сертификатқа жету және өндіріс пайдасына асыра алу жолдарын көрсетеді. Бұл жұмыс арқылы қазіргі таңда экологиялығы жағынан бірқатар қиындықтарды басынан кешіп отырған, теңізбен шектесіп жатқан өңірде бой көтерген кәсіпорын өнімдерін экологиялық сертификаттау көзделіп отыр. Аталмыш сертификат арқылы алынған өнімді пайдалану қоршаған ортаға зиянсыз болғанымен қоймай, Каспий теңізі арқылы шектесіп жатқан бес мемлекетке де емін-еркін экспорттауға болатындай оң нәтиже көрсетті. Сонымен қатар, осы жоба арқылы KAZAKH Osseter зауыты 2024 жылдан бастап өз өнімдерін эко-сертификаттау арқылы пайдалуға жібермек.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект посвящен исследованию и практическому применению темы экосертификации морской продукции. В проекте представлена общая информация об экосертификации морской продукции, показаны пути ее получения и использования в производстве. Посредством этой работы предполагается экологическая сертификация продукции предприятия, которое было построено в районе, граничащем с морем, которое в настоящее время испытывает ряд экологических проблем. Использование продукта, полученного с указанным сертификатом, было не только экологически безопасным, но и показало положительный результат, что его можно было свободно экспортировать в пять стран, граничащих с Каспийским морем. Кроме того, в рамках этого проекта с 2024 года завод KAZAKH Osseter введет в эксплуатацию свою продукцию с экосертификацией.

ANNOTATION

The diploma project is devoted to the research and practical application of the topic of eco-certification of marine products. The project provides general information about the eco-certification of marine products, shows the ways of obtaining and using them in production. Through this work, the environmental certification of the products of the enterprise, which was built in an area bordering the sea, which is currently experiencing a number of environmental problems, is expected. The use of the product obtained with this certificate was not only environmentally friendly, but also showed a positive result that it could be freely exported to the five countries bordering the Caspian Sea. In addition, as part of this project, from 2024, the KAZAKH Osseter plant will put into operation its products with eco-certification

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	7
1. Жалпы мәлімет/Әдеби шолу.....	9
1.1. «Kazakh Osseter» ЖШС даму тарихы.....	9
1.2. «Kazakh Osseter» ЖШС құрылымы.....	11
1.3. «Kazakh Osseter» ЖШС жұмыс істеу қызметтері.....	13
2. Эко-сертификаттау.....	17
2.1. Эко-сертификаттаудың қоғамдағы рөлі.....	17
2.2. Эко-сертификаттаудың сан алуан түрлері.....	22
2.3. Теңіз өнімдерін экологиялық сертификаттаудың қоршаған ортаға әсерін бағалау және болжау.....	26
3. «Kazakh Osseter» ЖШС эко-сертификаттауды енгізу.....	28
3.1. Эко-сертификаттауды енгізу сатылары.....	28
3.2. Эко-сертификаттаудың артықшылықтары.....	31
3.3. Эко-сертификаттаудың экономикалық тиімділігін есептеу.....	32
Қорытынды.....	36
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	37
А қосымшалсы.....	38
Б қосымшасы.....	39
В қосымшасы.....	40
Г қосымшасы.....	42

КІРІСПЕ

Экология – организмнің қоршаған ортамен байланысы туралы ғылым.

Қоршаған ортаны зерттеу объектісі ретінде басқалармен қатар адам да саналады.. Бұл ретте адам әдетте, ең алдымен , оның өндірістік жағдайында (теңіз, көмір шахталары, ғарыштық ұшулар және т.б.) зерттеледі.

Адам экологиясының ерекше бағыты оның мекендеу ортасын қорғау болып табылады.

Адам экологиясы табиғи, әлеуметтік, рухани факторлардың барлық кешенін қамтиды. Философиялық және жаратылыстану әдебиетінде табиғат экологиясына көбірек көңіл бөлінеді. Дегенмен, табиғатты ғана емес, адамды да оның әрекеті мен әрекетсіздігінің нәтижесінен құтқару керек. Бұл проблемаларды тұлғаның және қоғамның өзін-өзі тануы олардың сәйкес шешім қабылдауына әкеледі.

Адам мен табиғаттың өзара байланысу тарихын мұқият талдай отырып, қоршаған ортаны зерттеу саласындағы жүргізілген жұмыстардың мақсаттары туралы мәселе еріксіз туындайды. Сөзсіз, сыртқы дүниетаным негізін құру осы саладағы мақсаттарды белгілеу процесінде шешуші рөл атқарады. Адамның өзі туралы түсініктерінің өзгеруімен оның табиғатқа деген көзқарасы да өзгеріп, жаңа көзқарастар мен көкжиектер ашады. Бұл қарым-қатынастардың қазіргі кезеңінде таным процесін жүзеге асыратын зерттеу объектісі – Табиғат пен Адамның арасында енді анық шекара жоқ. Тағы да айта кетейік, Адам өзінің ішкі (психикалық) әлемімен және Қоршаған ортамен (соның ішінде әлеуметтік әлемімен) біртұтас жүйе. «Адам» – «Қоршаған орта» қарама-қарсылығын емес, екі тең құрамдас бөліктердің өзара әрекеттесуінің біртұтас жүйесін қарастырған жөн. Экологияның осындай сыртқы шеңберінде ғана осы салада табысты прогреске үміттенуге болады.

Біз назарымызды адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің табиғи принциптері мен тетіктерін түсінуге, нақты технологиялық шешімдерге аудардық. Нақтылай кететін болсақ, қоршаған ортаның бір бөлігі саналатын теңізден алынатын өнімдерді зиянсыз ету, олардың экологиялық сертификаттауы туралы сөз қозғамақпыз.

Жұмыс тақырыбының өзектілігі және мақсатына тоқталатын болсақ, теңіз өнімдерінің тұрақтылығының жүйелік перспективасын, соның ішінде экосертификаттаудың қоршаған ортаға әсерлерін және тұтынушылардың сұранысының әлеуетін ескере отырып, бұл дипломдық жұмыс теңіз өнімдері, соның ішінде балық шаруашылығының экологиялық көрсеткіштерін жақсартуда қазіргі экологиялық сертификаттау схемаларының қаншалықты тиімді екенін зерттеуге бағытталған. Сонымен қатар, экологиялық белгілердің тұтынушыларды теңіз экожүйелерімен «көк-жасыл тұтыну» деп аталатын жолмен қайта байланыстырудағы рөлі зерттелуде (1-сурет).

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешіледі:


1. Теңіз өнімдерін экологиялық сертификаттаудың қоршаған ортаға әсерін бағалау және болжау.
2. Теңіз өнімдеріне арналған экологиялық сертификаттаудың

артықшылықтарын атап өтіп, қажеттілігін дәлелдеу.

3. Теңіз өнімдерінің қолданыстағы экологиялық сертификаттауын жетілдіруді ұсыну.

4. KAZAKH Osseter зауытымен бірге Халықаралық Экология Академиясынан эко-сертификат алуға жұмыстану.

5. KAZAKH Osseter зауытының эко-сертификат алғаннан кейінгі артықшылықтарына тоқталып, экономикалық хал-ақуалын есептеу.



1-сурет – Өсірілетін теңіз өнімдері мен эко-сертификаттау арасындағы байланыс.

1 Жалпы мәлімет/Әдеби шолу

1.1 «Kazakh Osseter» ЖШС даму тарихы

Балық аулау мөлшері Қазақстанда 1997 жылы 71,4 мың тонна, ал соңғы жылдары азайып келеді, мысалы 2002 жылы 63,2 мың тонна. Жалпы барлық республика бойынша балық аулаудың 56,8% Батыс Қазақстан аймақтарына тиесілі, ал қалған 26,3% Оңтүстік Қазақстан өңірі иеленсе, 16,9% еліміздің басқа аймақтарында ауланады. Деректерге сүйенер болсақ, балық өнімдерінің көбі Маңғыстау, Атырау және Шығыс-Қазақстанда ауланады екен, орташа есеппен алғанда 65,7%–ы. Балықтың құнды түрлеріне Маңғыстау мен Атыраудан өндірілетін бекіретәрізді теңіз өнімдері жатады.

1988 жылы Қазақстанда балық шаруашылығын дамыту жайында бағдарлама жасалған болатын, онда су қорын тиімді қолданып, балық өсіру шаруашылығын әрі қарай дамытып, болашақта пайдалану өзекті мәселе ретінде қозғалық, теңіз өнімдерін қорғау қозғалған болатын. Бірақ ТМД құрастырылып және Қазақстанда орын алған экономикалық қиыншылықтарға байланысты балық өсіру шаруашылығын дамытуға мүмкіндік болмаған. Қазіргі кезде экономикалық жағдайы түзелген соң елімізде қайта балық өсіру шаруашылықтарын дамыту және теңіз өнімдерінің күр азаюына байланысты сұрақтар өзекті болып санала бастады.

Зерттеу объектісі ретінде алынып отырған кәсіпорын Маңғыстау облысындағы Ақтау қаласынан 18 шақырым жерде орналасқан, Ақшұқыр ауылында бой көтерген Kazakh Osseter деген атауға ие бекіре тұқымдас балықтарды өсірумен, тұщы су балығын өсірумен айналысатын серіктестік. "Kazakh Osseter" ЖШС ғылыми-өндірістік кәсіпорны Түпқараған ауданы, Ақшұқыр кенті, Бегей жерінде орналасқан.

Балық шаруашылығын дамытып отырған зауыт 2014 жылы астана күні қарсаңында 5 шілде күні іске қосылған еді. Алғашында кәсіпорында бекіре тұқымдас балықтың үш мыңнан астам түрі болған. Зауытқа Алматы қаласындағы балық шаруашылығы институтының және Маңғыстау облыстық әкімдігінің, Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылық басқармасының тарапынан қолдау көрсетілген. "Kazakh Osseter" директорымен жүргізген сұхбатымыз бойынша, кәсіпорын "Бизнестің жол картасы - 2020" мемлекеттік бағдарламасы аясында мемлекет тарапынан қаржылай көмек арқасында ашылған. Балықтан балық шығару оңай емес әрине, бірақ сол қиындықтың бәрін жеңіп инемен құдық қазғандай еңбек етіп жатырған жөні бар. Ұйымдастырушының балық шаруашылығы жөнінде арнайы білімі болмаса да, өздігінен ізденіп зауыттың дамуына үлес қосып жүр. Қазіргі уақытта жұмыссыздықты жою мақсатында 25 адам жұмыс жасап жатыр. Алғашында 2 кг болған балықтарының салмағы қазіргі күні 17 кг-ға дейін жетті. Бұл үлкен еңбектің арқасында келген жеңіс екені айтпасақ та белгілі.

Аталмыш кәсіпорынға шикізат балғын балық түрде келіп түседі: тірілей; жаңа ауланған; салқындатылған; мұздатылған.

Бұл жердің тірі балығы әсіресе жоғары бағаланады. Кәсіпорында суда (судың температурасы 4-8°C) аквариум ванналарында ұстау 2 күннен аспайды. Салқындатылған балықтың температурасы омыртқа қаңқасының қалыңдығында 1-ден 5°C аралығында болу керек.

Ауланған балықты ең алдымен аулау құрылғысынан алып, түрі мен өлшеміне қарай кәсіпорында сортталады да балықты тірідей сақтайтын аквариум бассейндерде өсіруді жалғастырады. Мұнда сатылғанша болады. Балық тірі қалуы үшін судың сапасы, оттегі деңгейі мен температурасы қолайлы болу керек және суды тазалау жүйесінің болуы шарт [1].

Кәсіпорын эксперттерінің айтуынша, балық тіршілік ететін бассейн суының рН деңгейі мен ерітіндідегі оттегі концентрациясы өміршеңдік үшін ең маңызды болып табылады. Бірақ судың сапасы бұл құраммен шектелмейді (1-кестеде көрсетілген).

Кесте 1 - Бекіре тұқымдас балық түрлері өсірілетін судың сапасына қойылатын талаптар.

Көрсеткіштер	Судағы нормативті мәндері
Температурасы, °C	4-8 °C
Иісі	Судың бөтен иісі, дәсі болмауы және болған жағдайда балық етінен жіберілмеу керек
Мөлдірлігі, м	0,75-1,0
Түстілігі, нм	585 дейін
Салмақты заттар, г/м ³	25 дейін
Ерітіндідегі оттегі, г/м ³	5,0 төмен емес
рН мәні	6,5-8,5
Оттегі диоксиді, г/м ³	25,0
Аммиак, г/м ³	0,05 дейін
Темір, г/м ³	1,8
Микроорганизмдердің жалпы саны, млн кл/мл	3,0 дейін

Су құрамындағы оттегі концентрациясы балықтың толыққанды тыныс алуын қамтамасыз етеді. Концентрация нормасы 5-7 мг/л аралығында болғаны жөн, 0,3-0,5 мг/л дейін төмендейтін болса, балықтың өліп кету қаупі туындайды [2].

Судағы қышқылдық-негіздік көрсеткіш (рН) оның сапасы үшін ең маңызды параметр болып табылады. рН=7 тең болса бейтарап, яғни қалыпты жағдай деп қарастыруға болады. рН-тың нөлге қарай ығысуы су ортасының қышқылдығын көрсетеді, ал 7-ден жоғары мән оның жоғары сілтілігін көрсетеді. Кәсіпорын эксперименттерінен бір лайфках келтіре кететін болсам, судағы қышқылдық төмендесе, оған әк қосса болады [3].

1.2 «Kazakh Osseter» ЖШС құрылымы

Еңбекті мамандандыру адамдар жұмысының өнімділігін едәуір арттыратындығы белгілі. Әркім өз міндетін айқын түсініп, қоян – қолтық әрекет еткенде ғана бірлесіп атқарған жұмыстың тиімді болатыны сөзсіз. Ұйымдастыру функциясының міндеті, еңбек әрекеті элементтері мен олардың өзара әрекет ету тәртіп арасындағы пропорцияны анықтау, жүйедегі әрбір жұмыскерлердің орны мен ролін белгілеу, оларды бөлімшелер мен звеноларға орналастыру, бұлардың бірлескен әрекетін мұқият ұйымдастыру, аппараттағылардың барлығының жекелеген қызметшілері мен жұмыскерлердің іс - әрекетін бейнелейтін құжаттар әзірлеу арқылы жоспарда көрсетілген шаралар мен өндірістік процестердің мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі. Кәсіпорын құрылымы мен олардың міндеттері 2-суретте толық баяндалған.



2-сурет – Кәсіпорын кадрлары (персоналы)

Ал енді біз қарастырып отырған кәсіпорынға тоқталатын болсақ, олардың қызметкерлер құрылымы былай жіктеледі:

- Басшысы – өндіріс иесі;
- Бас балық өсіруші – балық өсірудің стратегиясы мен нәтижесіне жауапты маман;
- Бас инженер барлық құрал-жабдықтар мен машиналарға жауапты маман;
- УЗВ операторы – жабық сумен жабдықтау маманы;
- Химиялық эксперт;
- Сатушы;
- Оператор;
- Логист;
- Есепші;
- Күзетші;
- Көмекші мамандар.

Балықты өңдеу кезінде жұмысшы тікелей жұмыс жетекшісіне жүктелген жұмысты ғана орындауға міндетті. Олардың жұмысын басқа қызметкерлерге беруге және бөтен адамдарға жұмыс орындарына жіберуге жол берілмейді.

Жұмыс аймағында бөтен адамдардың болуына жол берілмейді.

Балықты өңдеу кезінде жұмысшылар арнайы киім, арнайы бас киім және аяқ киім және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз етіледі (3-сурет).



3-сурет – Арнайы киім, арнайы бас киім және аяқ киім

Бұл киімдер мен қорғаныс құралдары жұмысшыларды арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етудің салааралық және салалық ережелері негізінде әзірленеді.

Берілетін арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да ЖҚҚ жұмыстың

сипаты мен шарттарына сәйкес келуі, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, сәйкестік сертификаты немесе декларациясы болуы тиіс [4].

Қорғаныш киімді және басқа жеке қорғаныс құралдарын негізгі жұмыстардан басқа мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады. Жұмыс кезінде сыртқы істер мен әңгімелерге алаңдамай және басқа жұмысшыларды алаңдатпау керек.

1.3 «Kazakh Osseter» ЖШС жұмыс істеу қызметтері

Тұрсынғүл Жақыпова үздіксіз ізденіс пен іскерліктің арқасында аймақтағы балық шаруашылығы ісін дөңгелетіп отыр. Кәсіпкер бизнес-жоспар құрып, оны іске асыру үшін 4 жыл бойы жұмыстанған. Бұл күнде кәсіпорын бір жыл ішінде 4 тоннадай балық өндіруге қауқарлы. "Kazakh Osseter" кем дегенде 500 кг балықты Ресейге экспорттайды. Бүгінде заңсыз балық аулау көп белең алғандықтан, бекіре зауытына бәсекелестер азаймай тұр.

Қазақ оссетерінің негізгі қызметі бекіре тұқымдас балықтарды өсіру, тұщы су балығын өсіру, сонымен қатар, балық және балық өнімдерінің көтерме саудасы.

Қазақ осетері бекіре тұқымдас балықтардың келесі түрлерін өсіреді:

- Сібір бекіресі;
- Орыс бекіресі;
- Стерлять;
- Белуга;
- жұлдызды бекіре;
- Лерок – Лена мен орыс бекіресінің будандары.

«Қазақ осетерінің» жоспарлы қуаты жылына 60 тонна бекіре етін және 500 келі уылдырықты өндіруді құрайды.

Шаруашылыққа балық Атырау мен Алматыдан жеткізіледі. Ол жасанды бассейндерде өсіріледі және әр 2 сағат сайын қоректенеді. «Қазақ оссетер» шаруа қожалығында 38 бассейн бар.

Сонымен қатар, қиын істі өзнене кәсіп етіп отырған Қазақ оссетерінің болжамды жылдық кірісі атап өтер болсақ, 2018 жыл – шамамен 66,5 млн теңге, 2019 жыл – шамамен 309,2 млн теңге, 2020 жылға – 265,4 млн теңге, 2021 жылға – 199,1 млн теңге, 2022 жыл – шамамен 420,8 млн теңге. Биыл жылдық табысты жарты миллион теңгеден асыру жоспарланып отыр.

Осынша табыс тауып, ісін дөңгелетіп, тіпті шет елдерге өз өнімін сатып отырған дәл осы кәсіпорынның жер көлемі 4 га.

Тұрсынғүл Жақыпова бізге берген сұхбатында балыққа деген сүйіспеншілігін Маңғыстауға белгілі балықшы атасынан берсе керек дейді. Тоқырау кезінде әйел қоғамдық тамақтандыру саласында технолог болып жұмыс істеді, ал өз айтуы бойынша, бейсенбі аптаның сүйікті күні - балық күні болды. Ол Жаңаөзен қаласындағы зейнетақы қорында бірнеше жыл жұмыс істеді, ал қорлар біріктірілген кезде ол жұмыстан шығып, іс жүзінде жұмыссыз қалды. Сол

кезде мен бизнеске баруды шештім.

«Теңіздегі бекіре тұқымдас балықтардың популяциясы азайып, оны аулауға мораторий жарияланғанда, мен бұл балықтарды өсіруді қолға алу керек деп шештім. Мен олар айтқандай, ағынға түстім », - дейді кәсіпкер.

Тұрсынғұл Жақыпова ондаған кітаптарды оқып, Ресейден келген мамандармен сөйлескеннен кейін өз бетінше бизнес-жоспар, жоба жасап, жергілікті билікке ұсынған. Соңғысы бұл идеяны қолдады. Шаруа қожалығының өзін салуға, құрал-жабдықтар – арнайы бассейндер, сорғылар және басқа да заттарды сатып алуға, инфрақұрылым салуға 650 миллион теңге жұмсалды.

«Менің Ақшұқыр ауылында жер телімім бар еді, құрылысты бастау оңайырақ болды. 147 миллион теңгені инвесторлар салды, тағы 138 миллионын мемлекеттік бағдарлама бойынша банктен алдым, 156 миллионын мемлекет инженерлік желілердің құрылысына бөлді, ал қалған қаржыны өзімнің жеке қаражатым, кәсіпкерлер туыстарына көмектесті», - дейді кәсіпкер әйел.



4-сурет – Кәсіпорынның жұмыс істеу қызметтері

Кәсіпорын өз өнімдерін ең тиімді жұмыс істеу бағыттары арқылы нарыққа ұсынып отыр (4-сурет). Сол бағыттардың бірі, экспортқа келетін болсақ, бүгінде бекіре өсіру зауыты өз өнімдерін Қазақстанның түкпір-түкпіріне және шетелдерге жөнелтеді. Бірнеше жылдан бері Ресейге жеткізілім жүріп жатыр, өткен жылы олар Грузияға да жетті.

2022 жылы соңғы мәліметтер бойынша «Қазақ Осетер» ғылыми-өндірістік кәсіпорны» ЖШС Ресей мен Әзірбайжанға 10 000 келі тауарлық балық экспорттаған.

2022 жылдың басынан 37 тонна балық өсіру жоспарланған болатын. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, үш кәсіпорын қазірдің өзінде 38,5 тонна тауарлық бекіре және тауарлық балық өсірген, олардың қатарында ірине «Kazakh Osseter» ЖШС бар.

Осы жылы 73 тонна балық өсіру жоспарлануда. Бұл балық шаруашылығын дамыту жоспарының сапалы әрі қарқынды орындалғанын айғақтайды.

Каспий теңізінде жоғалып жатқан 6 түрлі бекіре тұқымдас балықты өсірумен айналысатын «Kazakh osseter» зауыты енді табиғи уылдырықты консервілейді.

Кесте 2 - Балықты органолептикалық көрсеткіштерінің негізгі талаптары

Көрсеткіш	Балық	
	Балғын	Балғын емес
1	2	3
Көздері	Балықты жарғандағы ішкі құрлысы үрленген мөлдір торсылдағы және алдыңғы бөлігінде жекелегенқан айналым жүйесі	Бастапқыда күнгірттеніп немесе қызарып тұрады, содан кейін түсі қарайып бұзыла бастайды
Сағалдырығы	Ашық немесе бозғылт қызыл, таза, иіссіз және шырышты	Сұры, жағымсыз иісі бар шырышты
Қабыршағы	Жылтыр, ұрылмаған, тығыз орналасқан оңай жұлынбайтын жылымыз немесе жылымыз бар	Сыртының кішкене қызаруы және кішкене зақымдануы мүмкін, қарайған кейбір жерлері бүлінген оңай шығарылады
Шырыш	Мөлдір, иіссіз	Жеңіл иісі бар сұрғылт түсті
Бұлшық ет	3 аппақ қолмен сипағанда тығыз және қатты. Басқан кезде пайда болған ұяшық жібергенде тез орнына келеді, сүйектен ажырауы қиын, кескен кездегі түсі барлық түріне тән	Омыртқаның қарайған әсерінен сүйектен тез ажырайды
Іші	Қалыпты	Ісіну
Аналь тесігі	Күлгін, шығыңқы емес	Қоңыр түсті, сыртқа шығыңқы
Балықты жарғандағы ішкі құрылысы	Айқын ерекшеленеді, бір-бірінен оңай ажыратылады, иіссіз	Ішінара балқытылған
Иісі	Жаңа, ерекше	Бүлінген, қышқыл

Екі ай қыстақта тұрған 235 балықтан 40 келіден астам уылдырық алынған. Зауыт басшысы Тұрсынгүл Жақыпованың айтуынша, бекіре тұқымдас балықтардан уылдырық алуға «Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауытының» мамандары көмек көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісіп жатыр екен.

Консервіленген өнім ел ішінде және зауыт дүкендерінде еркін сатылымға шығарылған. Бір келі консервіленген уылдырықтың бағасы 250 000- 260 000 теңге шамасында болады. Өйткені, балықтың жемі шетелден тапсырыспен алынады екен. Ал жемнің бір келісі 2600 теңге көлемін құрап отыр.

Сондай-ақ, зауыт басшысы жақында Арменияда өткен көрме мен форумға қатысыпты. Армениядағы кәсіпкерлермен жүргізілген келіссөз нәтижесінде зауытқа стерлет балығын тірілей әкелуді жоспарлап отыр. Тұрсынгүл

Жақыпованың сөзінше, балық өнімдерін консервілейтін бірнеше жоба да дайын тұр. Тек қаржыландыру мәселесі әзірге шешілмей тұр.

Тірі балық тағамдық өнім ретінде сатылар алдында табиғи тіршілік ортасынан алынады не табиғи тіршілік ортасынан алынғаннан кейін тіршілік әрекеті аяқталатын мерзімнен аз уақыт ішінде сатылып кетеді.

Балық аулау өніміне жататын тірі балық айналымға жіберу алдында міндетті түрде асқазаны мен ішегінде азық болмау үшін биологиялық тазалау кезеңінен өтеді [5].

Жеке бөліктерінің құрамында адам денсаулығына қауіпті заттары бар балық зиянды бөліктері алынып барып қана сауда орталықтарына жөнелтіледі.

Кәсіп орынның химиялық эксперттері балық және балық өнімдерінің құрамында адам денсаулығы үшін қауіпті гельминттер мен олардың құрттары болмауы қатаң тексереді.

Мұздатылған балық және балық өнімдерінде терең сусыздануы салмағының 10%-ынан аспауы тиіс.

Сонымен, органолептикалық бағалаумен балық және балық өнімдерінің жағдайы кестеде келтірілген нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес келуі керек (2-кесте).

2 Экологиялық сертификаттау

2.1 Эко-сертификаттаудың қоғамдағы рөлі

Мемлекеттің тұрақты дамуға өту жағдайында, экологиялық сертификаттау жалпы экономикалық – әкімшілік және қоршаған ортаны қорғау механизмінде тұрақты орын алуға тиіс.

Дүние жүзінде сертификаттау – сертификатталатын объектілердің нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін растауды және тәуелсіз, білікті бағалаудың тиімді механизімін білдіреді.

Экологиялық сертификаттау (Экологическая сертификация) — қызметтің немесе өнімнің белгіленген экелетіндігінің арнайы актімен хатталып расталуы [6].

Оның негізгі мақсаты, қоршаған ортаны төмен дәрежеде ластайтын, өнім денсаулығына және қоректену ортасына залалсыздығына кепілдік бере алатын, өнімдер мен тауарларды енгізуді қамтамасыз ететін өндірушілерді ынталандыру үшін көрсетілетін қызмет. Сонымен қатар өндірушілерді осындай технологиялық процестерді енгізуге және қоршаған ортаны ең аз дәрежеде ластайтын өнімдерді әзірлеуге ынталандыру және тұтынушыға оның өмірі, денсаулығы, мүлкі және қоршаған орта үшін өнімнің қауіпсіздігіне кепілдік беру болып табылады.

Бұл сертификаттау азаматтардың Қазақстан Республикасының Экология Кодесінде бекітілген қолайлы қоршаған ортаға құқығын жүзеге асырудың экономикалық және құқықтық механизмін құру мақсатында жүзеге асырылады.

Экологиялық сертификаттау – экологиялық тауарлар мен экологиялық сипаттағы жұмыстардың (қызметтердің) сапасын қамтамасыз ету жөніндегі басқару шарасы.

Дәл осы сертификаттау жөніндегі іс-шаралар - сертификаттау объектісінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген экологиялық талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі іс-шаралар.

Біз қарастырып отырған сертификаттау түрі мыналарға ықпал етеді:

- экологиялық таза технологиялық процестер мен жабдықтарды енгізу;
- өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде экологиялық таза өнім өндіру, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- белгіленген экологиялық талаптарға сай келетін өндірістік объектілерді ұйымдастыру үшін жағдай жасау;
- шаруашылық және басқа да қызметті басқаруды жетілдіру;
- елге экологиялық қауіпті өнімдердің, технологиялардың, қалдықтардың, қызметтердің импортына жол бермеу;

Жүйе шеңберіндегі сертификаттау жұмыстарын экосертификаттау органдары, сынақ және талдау зертханалары (орталықтары), Жүйеде белгіленген тәртіппен аккредиттелген немесе сертификатталған (эко-аудиторлар) болуы тиіс экоаудиторлар жүргізеді. Жүйеде экосертификаттау органдары жұмыстарды

орындау құқығына, ал сынақ және талдау зертханалары техникалық құзыреттілік пен тәуелсіздікке аккредиттелген.

Директивалар бойынша қауіпті деп жіктелген, бірақ рұқсат етілген шектерде заттар мен препараттарды қамтитын тауарлар. Белгінің түсі ақ фонда жасыл, көк, қара болуы мүмкін (және керісінше). Эко-белгіні пайдалану құқығын алу үшін өндіруші өнімді оның экологиялық тазалығын бағалауға ұсынуы керек, бұл әдетте сертификаттау органдарымен жасалады, олармен өнімнің әрбір түрі бойынша жеке шарт жасасу қажет. Экологиялық белгі жарнамада белсенді түрде қолданылады және тауарларды нарықта жылжытуға ықпал етеді.

Тауарларға қойылатын экологиялық талаптар өте өзекті болғандықтан және таңба сатылым деңгейіне тікелей әсер ететіндіктен, қазіргі заманғы нарықтарда өндірушінің экологиялық белгілерді заңсыз пайдалануына немесе жаңа және белгісіз белгілерді ойлап табуына байланысты әділетсіз экологиялық бәсекелестік пайда болды. Бұл тұтынушыларға да, экологиялық сертификаттау идеясына да зиян тигізеді .

Сонымен, экологиялық белгілерді шартты түрде екі топқа бөлуге болады:

– өнімдердің адам және қоршаған орта үшін қауіпсіздігі туралы хабардар ететін экологиялық белгілер .

– қайта өңдеу мүмкіндігі туралы хабарлайтын белгілер мен жазулар (көбінесе бұл қаптамаға қатысты). Осылайша, қалдықтар екінші реттік шикізат ретінде пайдаланылады және табиғат қорғалады.

Экологиялық менеджмент және экологиялық аудит бойынша нұсқаулықтарды қамтитын ISO 14000 халықаралық стандарттар сериясын қабылдау экосертификаттауды ұйымдастыру және өткізу үшін негіз болып табылады.

1998 жылы 55 елде 5147 компания қоршаған ортаны басқару жүйелерінің ISO 14001 талаптарына сәйкестігіне сертификатталды.

Халық денсаулығына нұқсан келтіретін өнеркәсіп объектілерінің қызметі нәтижесінде табиғи ортаның ластануы әлеуметтік-экономикалық басымдылығы бар ең өткір экологиялық проблема болып қала береді. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы тиімділігін арттыруға және қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алу шараларын іске асыруға экологиялық менеджмент жүйесін енгізу арқылы қол жеткізуге болады.

Қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алуды қоршаған ортаны басқару жүйесін енгізу арқылы қамтамасыз етуге болады.

Экологиялық менеджмент жүйесін сертификаттаудың нақты тәртібі сертификаттау жөніндегі органның іс жүргізу құжаттарымен белгіленеді.

Қоршаған ортаны басқару жүйесінің элементтерін тұтастай ұйымның (кәсіпорынның) қолданыстағы басқару жүйесіне тиімді біріктірілгендей етіп жобалау немесе қайта қарау орынды. Бұл ретте қоршаған орта саласындағы және кәсіпорынның коммерциялық қызметінің басқа салаларындағы мақсаттар мен басымдықтар арасындағы қайшылықтарды шешу тәртібінің жоспарлары жасалуы керек.

Тәжірибе көрсеткендей, экологиялық менеджмент жүйесін әзірлеу мен енгізудің ең тиімді жолы құрылатын қоршаған ортаны басқару жүйесінің негізі ретінде ISO 9000 сериясы стандарттарының талаптарына сәйкес келетін қолданыстағы әкімшілік басқару жүйесін пайдалану болып табылады. Көп жағдайда ол болмаған жағдайда. ISO 9000 сериялы стандарттары негізінде әзірленген сапа жүйесіне сәйкес кәсіпорындар сапа менеджменті жүйелері мен қоршаған ортаны басқару жүйелерін заманауи әзірледі, енгізуді және сертификаттауды жүзеге асыруға ниет білдірді. Болашақта ISO 14001, 14004, 14010, 14011 және 14012 стандарттары ISO 9000 сериясы және ISO 10000 сериясы сияқты менеджмент жүйесінің басқа стандарттарымен толық үйлестіріледі және мүмкін интеграцияланады деп күтілуде. ISO жобасы қазірдің өзінде сапа жүйелері мен қоршаған ортаны басқару жүйелеріне аудит жүргізудің талаптары мен жалпы тәртібін реттейтін бірыңғай стандарт әзірленген.

Осымен қатар, сертификаттау сферасында айтарлықтай келеңсіздіктер бар “Тұтынушылар құқығын қорғау туралы” Заңға сәйкес, міндетті экологиялық сертификаттауға, тиісті қауіпсіздік талаптары бекітілген тауарлар жатады. Тауардың экологиялық қауіпсіздігін сертификаттау ҚР МЕМСТ сертификаттау жүйесінде іске асырылады. Бұрын жекелеген келеңсіздіктерге экологиялық талаптар көрсетілмейтін, сондықтан да өнімге құрастырылатын МЕМСТ, ССТ, ТШ т.б нормативтік құжаттарда не көрсетілмейтін, не жалпылардың құрамында болатын. Көрсетілген жағдай стандарттары қайта қарауды және жаңаларын құрастыруды талап етеді.

Дегенмен, оған оның қорабы, бумасы және басқалары зиянын тигізетіндіктен, егер өнімге сертификат берілсе де, оны қоршаған ортаға қауіпсіз деуге болмайды.

Жалпы, экологиялық сертификаттау сферасы тауар, жұмыс және қызметті сертификаттаумен шектелмейді, өзіне жаңа объект және қызмет түрлерін таңдайды. Экологиялық сертификаттау нәтижелері бойынша Батыс елдерінде кейбір жағдайларда экологиялық, ерекше “супер” сертификат беріледі.

Экологиялық сертификаттау механизмінің қозғаушы элементтерінің негізін табиғат байлығын пайдаланушыларды өзінің шаруашылық әрекеттерінің заңдылығын дәлеудеуге шақыратын экономикалық факторлар құрайды.

Шынында, ИСО 14000 халықаралық стандарттарының пайда болуы – бұл экология облысындағы талаптарды стандарттауға және унификациялауға басқан алғашқы қадам. Олар қоғам мен өндіріс арасындағы жаңа қатынастардың қалыптасуы. Бұл стандарттардың пайда болуы стандарттау бойынша, ұйымдармен байланысы жоқ көптеген форумдарда нәтижесінде қалыптасты. Бұл стандарттар тоқсаныншы жылдары пайда болды.

Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғаумен және экологиялық мәселелермен әртүрлі ұйымдар айналысады қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстары Министрлігі, санитарлық-індет қызметі, ішкі істер Министрлігі, қорғаныс Министрлігі, төтенше жағдайлар бойынша Министрлік, Мемстандарт және көптеген экологиялық орталықтар мен тәуелсіз сынақ зертханаларын құрған мемлекеттік емес ұйымдар. Осы ұйымдардың арқасында республикамызда айтарлықтай белгі база бар, бірақ қоршаған ортаны

қорғауды басқару жүйесі құрылмаған. 2000 жылы мемлекетаралық стандарт ретінде тану үшін “экологиялық сертификаттау бойынша ережелер” жобасы ұсынылады. Осыған байланысты “экологиялық сертификаттау объектілерді” болып табиғи, шикізат, жем, сауда-саттық, материалдық ресурстар, процесстер және қызмет және т.б. табылады.

Бұл мемлекетаралық стандартты ТМД елдері үшін Қырғыз Республикасының қоршаған ортаны қорғау Министрлігі құрастырған және стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша мемлекетаралық кеңестің техникалық секретариатының қарауына енгізілген. Жан-жақты экологиялық келісімдер ЖЭЖ ғаламдық экологиялық мәселелерге байланысты шығарылады. Қазақстан халықаралық қарым-қатынас процесіне кірді және қоршаған орта облысына қатысты 12 халықаралық келісімдердің қатысушысы болды, сонымен қатар болашағы бар бірқатар конвенцияларға кіруге дайындық жүріп жатыр.

ҚР ұсынысына сәйкес және БҰҰ генеральды Ассемблеясының 53-ші шешімімен ядролық сынақтардан зардап шеккен Семей аймағын қалпына келтіру бағдарламасы іске асырылуда. Осыған сай бірқатар экологиялық, медициналық, гуманитарлық, ақпараттық бағыттағы жобаларын, Семей полигонының адам денсаулығына, қоршаған ортаға тигізген зардаптарын зерттеу бойынша халықаралық орталығын құруды іске асыру ұсынылуда.

Бірден-бір ғаламдық маңызы бар конвенция болып БҰҰ-ның климаттың өзгеруі бойынша Конвенция табылады. 1992 жылы РИО де-Жанейрода өткен қоршаған орта және даму бойынша конференциядан кейін, Қазақстан қол қойып, 1995 жылы климаттың өзгеруі туралы Конвенцияны бекітті. Конвенция мақсатын іске асыру үшін мүше елдер өздеріне 2000 жылы зиянды газдардың мөлшерін 1990 жылы деңгейге төмендету міндетін алды. 1998 Жылы тамызда Қазақстан Киото протоколына қол қою туралы шешімін қабылдады және жылы 1999 наурызда оған Президент қол қойды. Осыған байланысты өкімет альтернативалы жолдарды енгізу және озон бұзғыш заттарды қолданыстан алу бойынша ұлттық бағдарлама даярлауда. БҰҰ конвенциясының мақсаты мен міндетіне сәйкес Қазақстандағы шөлге айналуымен күресу бойынша жобаның ұлттық стратегиясы құрастырылуда. Бұл жердің тозу мәселесін шешуде өз үлесін қоспақ.

1999 ақпанда биологиялық әртүрлілікті пайдалануды реттеу және сақтау бойынша жұмыстар жобасы мен ұлттық стратегиясының презентациясы өтті. Осы жылы ҚР Президенті жойылып кету алдында тұрған жабайы флора және фауна түрлері бойынша халықаралық сауда туралы бұйрыққа қол қойды.

1998 Жылы Қазақстан халықтың қоршаған ортаға қатысты сұрақтар бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуына рұқсат беретін ОРХУСС конференциясына қол қойды. экологиялық қауіптің алдын алу бойынша барлық жұмыстар, егер бұқара халық экологиялық шешімдердің қабылдауына әсер ету мүмкіндігі болмаса нәтижесі болып қала береді.

1995 жылғы 10 маусымнан №2340 “Азаматтар үндеуін қарау тәртібі туралы” Президент Жарлығына және “Мемлекеттік құпия туралы” Заңына сәйкес (1999 17) экологиялық ақпарат құпия категориясына жатпайды.

Құпия мәліметтерге жатпайды: денсаулығы туралы, экологиялық, демография, білім, мәдениет, ауыл шаруашылығы және қылмыстық туралы.

Іс жүзінде экологиялық Заңның барлық базасы жаңартылған, ТЗ сертификаттау туралы заң жасалған. Көптеген елдер ұлттық стандарттар ретінде қабылдаған жоғарғы деңгейдегі МС ИСО – 14000 стандарты, бұл экологиялық басқару стандарты.

Еліміздегі қиын экологиялық және экономикалық жағдайға қарамастан бір уақытта МС ИСО - 9000 “Өнім сапасын басқару жүйесі” және МС ИСО - 14000 “Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесі” стандарттарын енгізу жағдайы туындады. Еурапалық тәжірибе көрсеткендей сапалы өнім анықтайтын түсінік айтарлықтай дәрежеде экологиялық факторларды бағалаумен байланысты қиыншылықтардың бар екенін көрсетті.

Стандарттау бойынша ұйымның президенті Д.Элиас, аудиттің барлық түрін бір жерге жинақтап, мәлімдеме берушілердің осы қызметтерді бір сертификат бойынша алуын ұсынады.

Қазақстандағы Мобил, Шелл, Шеврон және т.б көптеген компаниялар мен фирмалар ИСО стандарттарын енгізуде. Бұл мәселе Батыс Қазақстан облысындағы жергілікті басқару органдарының мәслихаты аса қауіпті объектілерді ИСО – сәйкес сертификаттауды жөн деп тапты. Бірнеше альянс мамандарымен экологиялық сертификаттау қажеттілігі бойынша кездесулер өтті. Қазіргі кезде Қазақстан жеріне экологиялық сертификаттау облысындағы британдық бай тәжірибені енгізу мүмкіншілігі туып отыр.

Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін енгізудің пайдасына қандай аргумент келтіруге болады. ХС ИСО енгізген алдыңғы қатарлы фирмалар жұмысының тәжірибесінен келіп шығады, бірінші кезектен бұл,

- қоршаған ортаны қорғау облысындағы жұмыстарын қоғамның мойындауы арқасында өндіріс имиджінің жақсаруы және де қоғаммен жұмыс жасаудың жаңа қадамы;
- міндеттер мен жауапкершіліктерді оптималды бөлудің арқасында кіршіксіз және дұрыс ұйымның құрылуы;
- қоршаған ортаға қатысты әрекет түрлері мен процесс қауіпін мүлтіксіз бағалаудың арқасында процесстерді басқарудағы қатердің азаюы. Бұған келеңсіз жағдайларда қауіптіліктің дәрежесін ескерту шаралары көмектеседі;
- қызметкерлерді оқыту;
- қоршаған ортаны қорғау сферасындағы билік органдары, қоғам және ұйымдар жағынан сенім мен сыйлау сезімі;
- берушілердің талабы бойынша экологиялық таза өнім өндірудің арқасында бәсекеге қабілеттілік;
- қауіпті заттармен жұмыс істегенде болатын мүмкін зардаптар туралы барлық қызметкерлерді уақтылы ескертудің арқасында еңбектің қауіпсіздігі;
- тұрмыстық тұрғыдан оптимальді техника және қоршаған ортамен байланысты мәселелерді білу;
- құқықтық қауіпсіздік ,сенімділік ,қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің міндеттемелерін және құқықтық ережелерді сақтаудың арқасында;

– қоршаған ортаны қорғау бойынша қолайлы жағдайларды жасаудың қажеттілігін түсіну;

Бүгінгі таңда бұл жолға әлемнің барлық алдыңғы қатарлы елдері түсті, сондықтан Қазақстанда экологиялық сертификаттауды енгізу, бұл уақыттың талабы.

Қазақстанда МС ИСО – стандарттарын тиімді енгізу үшін не істеу керек, қысқаша жұмыстың келесі бағыттарын былайша көрсетуге болады.

– табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау Министрлігі мен ҚР Мемстандарты көлемінде экологиялық стандарттары енгізу мүдделі барлық ведомствалардың қатысуымен комиссия құру;

– нормативтік құжаттарды құрастыруды және қайта құруды жүзеге асыру және қоршаған ортаны қорғау облысындағы стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша заң актілерін қайта қарау туралы ұсынысты даярлау;

– санитарлық-індет қызметімен, кеден басқармасымен, мал дәрігерлік қызметпен, қорғаныс Министрлігімен, сауда-өндірістік төлеммен экологиялық сертификаттау облысындағы жұмыстар кезіндегі функцияларды шектеу және өзара қызмет туралы екі жақты келісімге қол қою;

– қоршаған ортаны қорғау бойынша нормативтік құжаттардың ақпараттық қорын құру;

– ластағыш заттардың параметрлерінің өлшемінің бірлігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету;

– экологиялық талаптар бойынша сертификаттау жүйесін құру;

– сол сертификаттау бойынша эксперт-аудиторлардың қауымдығын ұйымдастыру;

Экологиялық сертификаттауды іс жүзінде іске асыру үшін экологиялық талаптар бойынша сертификаттау жүйесін құру қажет, яғни, негізгі баптар; жүйені аккредиттейтін орган туралы бап; табиғат қорғаудың аналитикалық бақылау зертханасы және оны аккредиттеу туралы бап; аудиторлар мен эксперттер және оларды аттестаттау туралы бап; экологиялық талаптар бойынша кәсіпорынға сертификаттау жүргізу тәртібі; қоршаған ортаны қорғау жүйесіне сертификаттау жүргізу тәртібі; жүйе реестрі және оны жүргізу тәртібі; жүйе жұмысын төлеу тәртібі [7].


Алда үлкен жұмыстар күтіп тұр, егер мүдделі ведомствалар бұл жұмысты ертерек бастаса Қазақстан, экологиялық сертификаттау принциптерін уағыздайтын елдер қатарына ертерек қосылады.

2.2 Эко-сертификаттаудың сан алуан түрлері

Экологиялық сертификаттаудың мынадай түрлері бар (5-суретке сәйкес):

- қоршаған орта объектілерін, табиғи ресурстарды, өндіріс және тұтыну қалдықтарын ерікті сертификаттау;

- қоршаған ортаға зиянды технологияларды пайдаланатын кәсіпорындар мен ұйымдарының эко-сертификаттауын міндетті сертификаттау;



5-сурет – Экологиялық сертификаттау түрлері

Ерікті және міндетті сертификаттаудың қай бағыттар үшін жұмыс жасайтыны 3-кестеде ашып айтылған.

Міндетті сертификаттау қолданыстағы заңнамаға сәйкес келесі объектілерге жатады:

- қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар;
- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- биологиялық әртүрлілікті сақтау.

Ерікті сертификаттау өтініш берушінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

Кесте 3 - Ерікті және міндетті сертификаттау қызметтері

Ерікті сертификаттау	Міндетті сертификаттау
қоршаған орта объектілерін, табиғи ресурстарды, өндіріс және тұтыну қалдықтарын, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алуға арналған технологиялық процестерді, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) экологиялық сертификаттауды білдіреді.	қоршаған ортаға зиянды технологияларды пайдаланатын қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары мен ұйымдарын экологиялық сертификаттауды білдіреді.

Сонымен қатар экологиялық сертификаттаудың негізгі объектілері де 6-суретте көрсетілгендей бірнеше топтарға жіктеледі.

